

2002 жылға арналған жергілікті инвестициялық жобалар және Астана қаласы жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 қыркүйек N 968

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 шілдедегі N 1082 P001082_ қаулысымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жергілікті атқарушы органның қарызға алынатын қаражаты есебінен қаржыландырылатын Астана қаласының 2002 жылға арналған жергілікті инвестициялық жобаларына (бұдан әрі - Жергілікті инвестициялық жобалар) келісім берілісін:

1) қаржыландыру көлемі 1000000000 (бір миллиард) теңге Астана қаласында Есіл өзенінің сол жақ жағалауында муниципальдық тұрғын үй салу;

2) қаржыландыру көлемі 270000000 (екі жүз жетпіс миллион) теңге Астана қаласында 700 оқу орнына арналған қосымша ғимаратты салу және N 4 қазақ мектеп-гимназиясын қайта жаңарту;

3) қаржыландыру көлемі 967000000 (тоғыз жүз алпыс жеті миллион) теңге Астана қаласы жаңа әкімшілік орталығының сулы-көгалды бульварының бірінші кезегінің құрылысын салу;

4) қаржыландыру көлемі 363000000 (үш жүз алпыс үш миллион) теңге "ӘЖ-110 кВ Әуежай - 2-ЖЭО" әуе электр тарту желісін салу.

2. Астана қаласы әкімінің Жергілікті инвестициялық жобаларды іске

асыру үшін "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы

Z990464_

Заңына сәйкес белгіленген жергілікті атқарушы орган борышының лимиті шегінде жергілікті атқарушы органның 2600000000 (екі миллиард алты жүз миллион) теңге көлемінде заңнамада белгіленген тәртіппен қарыз алу туралы ұсынысы қабыл алынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК